


02 желтоқсан 2020 жылы – №67 гимназияда өткізілген «Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты рәсімінің

ЕСЕБІ

2020 жылдың 02 желтоқсан күні «Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті. Қашықтан оқу жағдайына байланысты іс-шара онлайн форматта Microsoft Teams платформасында ұйымдастырылды. Қабылдау рәсіміне мектеп директоры Г.А.Абдраманова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Оңалбаева, директордың тәрбие ісі менеджері А.Ж.Рахметуллин, педагог-ұйымдастырушы А.К.Молдахметова, мектеп Ұланбасы қатысты.

Педагог-ұйымдастырушы «Жас Ұлан» ұйымы туралы қысқаша мәлімет беріп, ұйымның мақсаты мен міндеттерімен таныстырды. Ұланбасы қабылданушы оқушылардың саны мен дайындығы туралы баянат тапсырып, «Жас Қыран» ұйымына қабылданушы оқушылардың топ басшысы 4 сынып оқушысы Нұрсұлтан Армат пен «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушы оқушылардың топ басшысы 5 сынып оқушысы Қабдеш Нұрқабдеш салтанатты түрде ант оқып, қабылданушы оқушылар «Жас Ұлан» ұйымының антты қабылдады. «Жас Ұлан» ұйымының гимні шырқалып, салтанатты рәсім аяқталды. Қабылданған оқушыларға сертификаттар берілді.

Жалпы «Жас Қыран» ұйымына қабылданған оқушы саны 760, 68% құраса, «Жас Ұлан» ұйымына 908 оқушы, яғни 70% қамтылды.



Педагог-ұйымдастырушы

А.К. Молдахметова